

# ТЫНЫС ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ

# Клиникалық-функциялық көрсеткіштеріне қарай тыныс жетіспеушілігінің түрлері:

- ◆ **Обструкциялық.**
- ◆ **Рестрикциялық.**
- ◆ **Диффузиялық.**
- ◆ **Аралас**

**Обструкциялық** - бронх өткізгіштігінің бұзылуына байланысты. Патогенезінде бронх қуысының тарылуы жатыр.

**Обструкциялық тыныс жетіспеушілігіне әкелетін себептер:**

- Бронхоспазм
- Аллергиялық ісіну
- Қабынулық ісіну
- Бронх шыршыты қабатының инфильтрациясы
- Бронхтың қақырықпен бітелуі
- Бронхиалды қабырғалардың стенозы

**Рестриктивті тыныс жетіспеушілігі – өкпе тінінің кеңейіп, тарылу қабілетінің төмендегенде дамиды.**

**Рестриктивті тыныс жетіспеушілігіне әкелетін себептер:**

- Эксудативті плеврит.
- Пневмоторакс.
- Пневмосклероз.
- Плевралардың жабысып қалуы.
- Кифосколиоз.
- Қабырғалар қозғалысы шектелгенде.

**Диффузиялық тыныс жетіспеушілігі** – альвеола-капиллярлық мембрананың физикалық және химиялық қасиеттерінің бұзылысынан болады.

**Диффузиялық тыныс жетіспеушілігіне әкелетін себептер:**

- Өкпенің итерстициялық тінінің және альвеолааралық қалқалардың түрлі себептерден ісінуі
- Өкпенің итерстициялық тінінің және альвеола аралық қалқалардың фиброзы
- Вентиляция мен перфузия ара қатынасы сәйкес болмауы
- Кіші шеңбер қанайналымының бұзылысы



# ПАТОГЕНЕЗІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТЫНЫС ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНІҢ ЖІКТЕЛУІ:

**Паренхиматозды**  
(гипоксемиялық,  
**өкпелік** немесе I  
типті ТЖ)

**Вентиляциялық**  
(гиперкапниялық,  
**насосық** немесе  
II типті ТЖ)

# ПАРЕНХИМАТОЗДЫ ТЫНЫС ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНЕ ӘКЕЛЕТІН СЕБЕПТЕР:

- ✓ Пневмония
- ✓ Ересектердің респираторлы дистресс синдромы
- ✓ Өкпенің кардиогенді ісінуі

## ВЕНТИЛЯЦИЯЛЫҚ ТЫНЫС ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНЕ ӘКЕЛЕТІН СЕБЕПТЕР:

- Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы;
- Тыныс бұлшықеттерінің зақымдануы;
- семіру;
- кифосколиоз.

**ДАМУ ЖЫЛДАМДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ  
ТЫНЫС ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНІҢ ЖІКТЕЛУІ:**

Жедел тыныс  
жетіспеушілігі

Созылмалы тыныс  
жетіспеушілігі

# ТЫНЫС ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНІҢ АУЫРЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ:

Дәрежесі	$P_{aO_2}$ , мм рт. ст.	$SaO_2$ , %
Қалыптыда	>80	>95
I	60-79	90-94
II	40—59	75-89
III	<40	<75